

**2023-2024 оқу жылындағы
С.Сатыбалдин атындағы жалпы орта мектебінің
бракеражды комиссия мүшелерімен өткен
жиналыстың №1 хаттамасы**

Қызылқоғам ауылы

07.09.2023 жыл

Күн тәртібі:

1. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы.
2. Оқушыларға берілетін тағамдардың құнарлығы мен нормасы.

Тыңдалды:

1. **Сөз сөйлеген:** Аталған мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жакупбекова Инкар Муратовна:
- Мектебімізде барлығы 42 оқушы, оның ішіндегі 3 оқушы даярлық тобы, 1 оқушы үйден оқытылады, тамақтанатын 41 оқушы, соның ішінде жаппай оқу қоры есебінен 21 оқушы 1 мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Оның 3-еуі даярлық тобы, 8 бастауыш сынып, аз қамтылған отбасынан 3 оқушы, көпбалалы аз қамтылған 7 оқушы. Ал қалған 20 оқушы демеушілер көмегімен тамақтанады.
Асхана іші таза, санитарлық талаптарға сай. Тамақтар таңертең ерте ас мәзірі бойынша жасалады. Келетін азық-түліктердің сертификаттары бар.
Сөз сөйлеген: медбике Каирбаева Гульнара Николаевна:
- Ас мәзірі Сан Пин талаптарына сай жасалған. Тамақтар нормаға сәйкес беріледі. Әкелнен тамақтардың сапасы мен жарамдылық мерзімі үнемі бақылауда. Еттен жасалған тағамдар жұмасына 4 рет беріледі. Сүт тағамдары мен жеміс-жидектер аптасына 2 реттен беріледі.
Жөн сөйлеуші: шаруашылық меңгерушісі Каирбаева А.С.: тамақтарға уақытылы өтінім беріліп отырылады. Күнделікті тамақтардың берілуіне және талапқа сай сақталуын үнемі бақылауымда ұстап отырамын. Тамақтар құнарлы, нормаға сай.

Шешім:

Оқушылар бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Құнарлығы мен сапасы СанПин талаптарына сай.

Төрайымы:

Хатшы:



Батталова Ж.К.

Иманкулова А.А.